



● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ



Әскери ант қабылдады

Қымбат

ДОСЖАНОВА

Қостанай қаласында орналасқан ҚР Ұлттық ұланы №6697 әскери бөлімінің жас сарбаздары Отанға және халқына адал болуға ант беріп, қатардағы жауынгер атанды.

Салтанатты рәсімге екі жүзге жуық жас сарбаз қатысты. Олар Алматы, Астана, Орал, Көкшетау қалаларынан келген азаматтар. Сап түзеген Отан қорғаушылар

маңызды құжатты қабылдап, еліне-жеріне адал болуға, қалтқысыз қызмет етуге, әскери өмірдің қиындығы мен ауыртпалығына төтеп беруге серт берді. Жауынгерлік рәсімге №6697 әскери бөлімінің командирі, полковник Қанат Байсақов, ҚР Ұлттық ұланы "Орталық" өңірлік қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, полковник Мұрат Әтібеев, ҰОС-ның және ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері мен сарбаздардың ата-аналары куә болды. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери ан-

тының мәтіні 1992 жылы 25 тамызда ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген. Бұл ант мемлекеттің азаттығы мен тәуелсіздігін, абыройын жанкештілікпен қорғаудың құқықтық және адамгершілік сипатын айқындайды. Әскери антта Қарулы Күштердің негізгі міндеттері және жауынгерлердің маңызды қасиеттері қандай болуы керектігі көрсетілген.

СУРЕТТЕ: Әскери ант қабылдау рәсімінен көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

Мүмкіншіліктер толық пайдаланылды

Ермекбай

ХАСЕНОВ

Жылдағы дәстүрмен Қостанай қаласы әкімінің есебін тыңдап, талқылауға кәсіпорындар мен ұйымдардың, мекемелердің өкілдері балалар шығармашылығы үйінде бас қосты. Жиынды облыс әкімі Нұралы Садуақасов төрағалық жасап, басқарып отырды.

Қала әкімі Ахмедбек Ахметжанов баяндама жасады. Ахмедбек Масақбайұлы сөзін был-

тіршілігіне сараптама жасағанда, әрбір салаға жеке-жеке тоқталды. Қаланың өнеркәсіптік

жуықтады.

ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ қарқынына көңіл тояды. Жоспар

піс үш тоннадан асты.

Машина жасау және жабдықтар жасау да ойдағыдай. Төрт жүзден астам комбайн, сегіз мыңға жуық автокөлік, бір мыңнан астам ауыл шаруашылық техникасы құрастырылды. Металлургиялық тоқсан үш мың тоннаға жуық өнім өндірді.

— Биылғы жылы өнеркәсіпте өндірілетін өнім екі жүз миллиард теңгенің көлеміне жететіні жорамалдануда, — деді Ахмедбек Ахметжанов.

Әкім есеп берді: Қостанай қаласы

тырғы жыл қала экономикасына ауыр болғандығынан бастады. Дегенмен, әлеуметтік-экономикалық жағдайы сақталғанын ескертті.

Шешен мұнан ары қарай облыс орталығының тыныс-

кәсіпорындары өткен жылы 164,7 миллиард теңгенің өнімін өндірді. Бұрнағы жылғы мерзіммен салыстырғанда 125,8 пайызды құрайды. Облыс бойынша өндірілген өнімнің жалпылай көлемінің үлесі қырық пайызға

125,1 пайызға асыра орындалды. Соның ішінде, диірменшілердің жетістігі жоғары. Тартылған үн үш жүз мың тоннаға жуықтады. Кондитер бұйымдарының көлемі қырық бір мың тоннадан, сүт пен қаймақ жет-

Қостанай облысының әкімі Н.М.Садуақасовтың халықпен есеп беру кездесуі өтеді

"Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615 Жарлығына сәйкес 2015 жылғы 18 ақпанда Қостанай облысының әкімі Н.М. САДУАҚАСОВТЫҢ өңір тұрғындарымен дәстүрлі кездесуі өтеді. Облыс әкімінің есеп беру кездесуі алдында 2015 жылғы 12 қаңтардан бастап 3 ақпанды қоса алғанда дейін халықтан сұрақтар, ұсыныстар, ескертпелер мен ұнқатулар қабылдау ұйымдастырылады.

Азаматтар өз өтініштерін облыс әкімі аппаратының пошталық мекенжайына: 110000, Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы, 66, электрондық мекенжайына: akim@kostanay.gov.kz, облыс әкімінің блогына - www.blogs.kostanay.gov.kz, 8 (7142) 57-50-84, 57-50-57 қауырт желі телефоны бойынша жібере алады, облыс әкімі аппараты ғимаратының вестибюлінде орнатылған арнайы жәшікке сала алады.

Қостанай облысы әкімінің аппараты.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӘРБІР ТЕҢГЕ есеппен жұмсалады

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Өңірімізде биылғы жұмсалатын бюджет көлемі былтырғыға қарағанда 5,9 млрд. теңгеге артып, 180,2 млрд. теңгені құрап отыр. Оған "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасы бойынша трансферттер қосылмақ. Бұл туралы дүйсенбі күні аймақтық әкімдікте өткен жиында облыстық қаржы басқармасының басшысы С.Аймұхамбетова мәлімдеді. Айтуынша, бюджет қаражаты салық және салықтан тыс келіп түскен кіріс ақшалардан құралады:

– Сондай-ақ, 3 деңгей бойынша – 57,6 млрд. теңге, республикалық бюджеттен келетін субвенция – 58,9 млрд. теңге, республикалық бюджет есебінен алынған бағдарлы трансферттер мен кредиттер – 63,5 млрд. теңге. Биылғы жылы облыс бюджеті әлеуметтік салаға басымдық беріп отыр. Яғни, бұл бағытқа 102,3 млрд. теңге бөлінбек, – деді С.Аймұхамбетова.

Басқарма басшысы әлемдік экономиканың құбылып жатқаны еліміздегі бюджеттің орындалуына айтарлықтай әсер етіп отырғанын жеткізді. Соған байланысты өткен жылдың желтоқсан айында республикалық бюджет шығыны, оның ішінде трансферттер мен кредиттер 1 млрд. 990 млн. теңгеге қысқарған. Мұндай қысқартулар құрылыс басқармасында (1,2 млрд. теңге), энергетика басқармасында (374 млн. теңге), кәсіпкерлік басқармасында (199,8 млн. теңге), экономика басқармасында (61,8 млн. теңге) болып отыр.

– Қазіргі таңда Ел Үкіметі республикалық бюджетті қысқартуды қарастырып жатыр. Сол себепті бюджеттің кірісі қысқаратын қаржы есебінен жабылады. Республикалық бюджет есебінен алынған бағдарлы трансферттер мен кредиттер бойынша жүзеге асырылатын жаңа инвестициялық жобалардың барлығы қысқаратын болса, жүзеге асырылып, жалғасып келе жатқан инвестициялық жобалар, әкімшілік, ақпараттандыру, ыссапар және өкілдік шығындар 20% қысқармақ. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша 2015 жылғы аудандар мен қалалардың бюджетін қарастыру жөнінде жұмыс тобы құрылды, бұл сол аудан-қалалардың қаржылық жобаларын бүге-шігесіне дейін қарастыратын болады. Ал ел қазынасынан бөлініп, жұмсалмаған қаражаттың барлығын ең алдымен кері қайтарып, әкімшілік ғимараттарын жөндеуге жұмсау қажет, – деді С.Аймұхамбетова.

Өңір басшысы Н.Садуақасов бюджет қызметкерлерінің жалақылары, әлеуметтік жәрдемақылар, зейнетақылар уақытында төленіп, аталған салаларда ешқандай қысқартулар болмайтынын айтты.

Жылқы шаруашылығын жандандырмақ

Руслан ӘЛКЕЕВ

Біздің аудан іргесінде жатқан Барвинов ауылында "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" мемлекеттік бағдарламасына бағын сынап, ырыздық-несібе тапқандардың қатары жыл санап артып келеді. Солардың бірі де, бірегейі – Қайрат Божақов.

Кәсіпкер жылқы шаруашылығын жандандыруға бет бұрып, 1 млн. 600 мың теңге көлемінде несие алып, оған 3 жылқы мен 1 сиыр сатып алды. Бүгінде сол жылқыларының жайын күйіттеп отырған жәйі бар. Болашақта оның санын көбейтуді жоспарлап, сапасы мен өнімділігін де арттыруды көздеп отыр.

– Жалпы, ата кәсібіміз – мал шаруашылығының бір түрі – жылқы өсіру ғой. Сондықтан, дәл осы салада еңбек етіп, бағымды сынап көруге бел байладым. Көздеген жоспарыма сай, жылқы шаруашылығын дамытқым келеді. Бұрын бұл кәсіппен машықтану үшін қолдау таба алмай қор болушы едік, ал бүгінде мемлекеттің өзі мұрындық болып отырғанда, неге айналыспасқа? – дейді кәсіптің көзін тапқан кәсіпкер.

Иә, ауылда қандай да бір кәсіп көзінің кілтін табу – мемлекеттік бағдарламалардың арқасы. Дамудың даңғыл жолына түсіретін сол кәсіпкерлікті дамытуды дйттеген Қайрат секілді шаруалардың армандаған істерін алға бастырып, мерейін төгіп жатқан мемлекеттік жобаларға айтар алғыстары да шексіз.

Сарыкөл ауданы.

Прокурорлар өткен жылдың қорытындысын саралады

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Облыстық прокуратурада облыс прокуроры Марат Қайыбжановтың төрағалығымен кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Оған облыс әкімі Н.Садуақасов, онлайн режимде ҚР Бас прокуратураның департамент бастығы Ә.Аманбаев, облыстық прокуратура органдарының барлық жеке құрамы қатысты.

Жиында өткен жылда атқарылған жұмыстардың қорытындылары талқыланып, биылғы жылдың басым бағыттары айқындалды.

– Өткен жылы өңірімізде криминагендік жағдай жақсарды. Қылмыс 8,9% төмендеді. Алайда қылмыс деңгейі әлі де жоғары,

әлі де талапты күшейту қажет. Еліміз бойынша қылмыс жағынан алтыншы орында тұрмыз. Республика бойынша көңіл қуантарлық көрсеткіш емес. Әлеуметтік-экономикалық саланы қадағалау бойынша мемлекет кірісіне 2,5 млрд. теңге өндірілді. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда екі есе жоғары. Тексеру қорытындысы бойынша 7,2 млрд. теңге көлемінде мемлекеттік қордан ірі көлемде бидайдың ұрлануы және бүліну фактілері анықталды, 4,3 млрд. теңгеден астам қаржы мемлекет меншігіне қайтарылды, – деді М.Қайыбжанов.

2014 жылы прокурорлық қадағалау бойынша заңсыз 26 кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуден бас тартылды. Сонымен қатар салық төлеуден жалтару фактілері бойынша 3 қылмыстық іс қозғалды.

Діни экстремизм мен терро-

ризмге қарсы күрес бойынша лаңкестік идеяларды насихаттайтын 18 интернет-ресурстарының жұмысына тыйым салынды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 325 млн. теңге көлемінде 5,5 мың қызметкердің жалақысы өндіріп алынды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында жұмыс жандандырылды. Жемқорлыққа жол берген лауазымды тұлғалардың жауапқа тартылуы 25%-тен 45%-ға дейін артқаны анықталып отыр.

– Ұрлық барлығымызды да алаңдатпай қоймайды. Өйткені халықтың сенімі тәртіп сақшыларының жұмысына байланысты, – деді облыс әкімі Нұралы Садуақасов алқа мәжілісінде. Өңір басшысы сондай-ақ алдағы күндерге жоспарланған бюджеттің қысқарып жатқанын ескертіп, барлығына үнемдеу қажеттілігін қатаң тапсырды.

Мұнан кейін алқа отырысы журналистердің қатысуынсыз жабық есік жағдайында жалғасты.

Қауіпке қарсы тосқауыл

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Алдағы уақытта өңіріміздегі темір жол, автобус вокзалдары мен әуежай күшейтілген тәртіпке көшеді. Лаңкестіктің алдын алу, болдырмау мақсатында еліміздің көлік инфрақұрылымдарында қауіпсіздік шаралары осылайша қолға алынбақ. Ол үшін аталған мекемелердің ғимараттарын арнайы күзет қызметкерлері бақылауға алады, металл іздегіш құралдардың көмегімен жолаушылар мен келушілердің айналып өтіп кетуіне жол бермейді. Бұл туралы облыстық жолаушылар тасымалы және автокөлік жолдары басқармасында өткен басқосуда айтылды. Жиын облыс әкімдігінің антитеррорлық комиссиясының тапсырмасы бойынша ұйымдастырылды.

Бүгінгі таңда Ресейдегі сапаржайлар, теміржол вокзалдары, метролар мен әуежайларға кіретін-шығатын есіктердің барлығы қауіпті заттарды өткізбейтін арнайы темір босағалармен, портативті (қолға ұстайтын) аспаптармен жабдықталған. Көрші елдің бұлайша сақтанатын реті бар. Оған Волгоград қаласының теміржол вокзалындағы жарылысты мысал етуге болады. Ал біздің еліміздің Үкіметі өткен жылы жолаушылар мен көлік инфрақұрылымы нысандарына келетіндерге, олардың алып жүретін жүктеріне тек-

серу жүргізу қағидалары мен оған қойылатын талаптар туралы қаулы бекіткен. Енді қауіпсіздік шараларына көшетін мезгіл алыс емес.

– Еліміздің көлік инфрақұрылымдарында әлі лаңкестік әрекеттер тіркелген жоқ. Әрине, оның болғанын ешкім тілемейді. Дегенмен сақтық шаралары бәрібір болу керек. Алдағы жылдары темір жол, автобекеттер, әуежай әкімшілігі қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында өз қаражаттарына қондырғы-құрылғылар сатып алып, арнайы күзет қызметкерлерін даярлайды. Сол себепті біз халықты бұл жөнінде хабардар етуіміз қажет. Мұндай тексерулер жолаушылардың уақытын алса да, оны орындауға міндетті, – деді ҚР ҰҚК Қостанай облысы бойынша департаментінің қызметкері Нұрбол Жүсіпов.

Қазір Қостанайдағы әуежай ғана ұшу алаңына баратын жолда стационарлық металл іздегішпен қамтамасыз етілгені болмаса, әуежай ғимаратына кіретін есік алдында қауіпсіздік шаралары қолға алынбаған. Мамандар алдағы уақыт ғимараттардың барлығының кіреберісіне арнайы темір босағалар орнатылып, ол жерлер күзетке алынады дейді. Ал бұдан былай жолаушылар ұшақты айтпағанда, автобус пен пойызға отыру үшін міндетті түрде вокзалдардың есіктері арқылы өтетін болады. Бұл үшін бекеттердің сырты дуалдармен қоршалып, сапар шегетіндер бір ізбен ғана кіріп-шыға ма, ол жағы әзірге белгісіз.

Портреттік кеш өтті

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Облыстық Дала өлкесі тарихы мұражайында тұңғыш рет өткізілген портреттік кеш Қазақ КСР ағарту ісінің озық қызметкері, ақын М.Жапаровтың өмір жолына арналды.

Молдатай Жапарұлы Аманкелді ауданына қарасты Байғабыл ауылының тумасы. Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі. Бүгінде 65 жылдық өмір белесін аттап отырған ардагер ұстаз ауыл мектептерінде мұғалім, мектеп басшысы болып қызмет жасаған.

Ол сан қырлы өнер иесі. Спринттік қашықтықтан облыс чемпионы. Бүкіл Қазақстандық 2-



ші ауыл спорт ойындарына қатысушы. Волейбол, қол добы, бес сайыс түрлерінен облыстық жарыстардың жүлдегері.

Қой өсіруші комсомол жастарға тәлімгерлік жасап, медициналық сауықтыру лагерін үлгілі ұйымдас-

тырғаны үшін "Жастар тәлімгері" құрметті атағын иеленіп, "Оныншы бесжылдықтың екпіндісі" одақтық төсбелгісін омырауына таққан.

Аудандық атқару комитеті ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегін ескеріп, жеңіл автомашина сыйға тартты.

Молдатай ағаның ақындық қыры да айшықты. "Жүрегімнің жақұт жырын арнадым", "Торғайым – алтын бесігім" жыр жинақтарын жарыққа шығарды.

Тағылымды кешті мұражай директоры Г.Елтебаева қорытындылап, кеш иесіне естелік сыйлық табыстады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: кездесуден көрініс. Суретті түсірген автор.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Қажетсіз кәсіп

Жұматай
КӘКІМЖАНОВ

Ресей Үкіметі 2015 жылға бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарламасын жария етті. Аталған құжат жеті бағытпен жұмыс істейтін болады. Нақты тоқталар болсақ, экономиканың негізгі секторларын қаржыландыру, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қамтамасыз ету, ақша құнсыздануының алдын ала отырып, халықтың аз қамтылған бөлігіне көмек қолын ұсыну, еңбек нарығын жетілдіру мәселесі қаралған. Сондай-ақ, құжатқа шикізат пен тауарды импорттау және экспорттау мәселесі де енгізіліпті. Соңғы тармақтың Кедендік Одаққа қатысты екенін айта кеткен абзал.

Еуроодақ пен АҚШ-тың қаржы қысымында қалған Ресейдің биылғы бюджетіне түсер табыс мөлшері 3 трлн. рубльге дейін қысқаруы ықтимал. Осыған сай, бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асырылмай, әлеуметтік бағдарламалар белгісіз мерзімге дейін тоқтатылады. Қыспақта қалған ел үнемділік тәртібіне көшуден басқа амал таппай отыр. Ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауды басты міндеті санағандар үнемдеу үшін 60-тан астам заң жобасын жазуды қолға алмақ. Мұның барлығы да ел эко-

номикасының еңсесін тіктеуіне септігін тигізеді. Ал, одаққа енген екі ел (Қазақстан мен Беларусь) ресейлік кәсіпорындардың санкцияның салдарынан жоғалған тұтынушыларының орнын толтыруы тиіс.

РФ Президенті Путиннің айтуынша, ел экономикасын тұрақтандыру – шетелдік валютадан бас тартудан басталады. Естеріңізге сала кетсек, желтоқсан айындағы қаржының құнсыздануы салдарынан, Ресейдегі сауда – рубльден АҚШ долларына қарай ауыса бастады. Төл валютасының қадірін кетірмеуді жөн көрген орталық банк Үкіметпен бірлесе отырып, заң жүзінде шетелдік валютаны шеттетудің амалына жүгінді. Нәтижесінде, рубль Ресейдегі өз позициясын сақтап қалды. Ал, одақтас елдердегі орыс ақшасының отанына қарай ағылуы – Ресейдің экономикалық тұрақтылығын сақтауына септігін тигізді.

Кедендік Одақ күшіне мінгелі Қазақстанның да қыруар қаржысы Ресей рублін жамылып, шекарадан әрі асқан еді. Қарапайым ғана мысал, көлік саудасының өзінен ресейліктер қыруар табысқа кенелді. Мұның есесіне, біздегі көлік саудасын қыздырған компаниялар "банкроттың аз-ақ алдындамыз" – деп атой салуда. Ресей

ақшасынан – темір тұлпарларды теңгеге айырбастағандар ғана емес, өзге де тауарлар мен қызметтерді ұсынып отырған қазақстандықтар зардап шегуде. Барымыз да, жоғымыз да, бөтен елге ағылып жатыр! Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ экономикасы Ресейдің күш алуына "донор" болуда. Бұлай жалғаса берсе, қан-сөлсіз қаларымыз анық.

Олқылықтың орнын толтыруды жөн көрген Қазақстан Үкіметі Ресейден келетін импортқа шектеу қою мәселесін көтеруде. Үкімет көрші елдің құс еті мен жұмыртқасына, құрылыс материалдары мен көліктерінің Қазақстанға тасымалдауына уақытша тыйым салмақ ниетте. Үкіметті алаңдатып отырғаны – Ресейдің арзан көліктері болып шықты. Ішкі істер министрлігі көлтірген мәліметке жүгінер болсақ, соңғы екі айдың көлемінде, Қазақстанға Ресейдің 100 мыңнан астам арзан көлігі енгізіліпті. Бұған дейін Еуро-4 стандарты мен қосымша құн салығымен шетелдік көліктерге шектеу қойылып келсе, одақ аясында мұның бірі де ескерілмеген. Экологиялық мәселе экономикалық құлдыраумен жалғасын тауып жатыр. Бұған шектеу қойылмаса – қазақстандық кәсіпорындардың тығырыққа тірелері даусыз.

● БӘРЕКЕЛДІ!

"ЖОО үздік оқытушысы – 2014"

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының "Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының" меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Б.А.Рахметова республикалық конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес "ЖОО үздік оқытушысы – 2014" мәртебелі атағына ие болды.

Базар Анасқызы 40-тан астам мақала, монография, оқулықтар мен оқу-әдістемелік ғылыми еңбектердің авторы. Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Б. Рахметова "ЖОО үздік оқытушысы – 2014".



Игі бастама иесін тапты

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудный индустриялық институтының конференц-залында Студенттер мен кәсіпкерлер Альянсының салтанатты ашылу рәсімі мен оның қарамағындағы бизнес-мектебінің алғашқы отырысы өтті. Оған студенттермен қатар рудныйлық кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлікті қолдау орталығы мен шағын және орта бизнес өкілдері қатысты.

"Қазақстан – 2050" стратегиясында кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші күші ретінде жан-жақты қолдау әрі шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесін 2030 жылға қарай екі есеге арттыру міндеті қойылды. Алайда жастар арасында кәсіпкерліктің бүгінгі жағдайы туралы айтқанда, шешімін таппаған көптеген мәселелер ойға оралатыны анық. Соның ішінде колледж немесе университетте оқитын жастарға кәсіпкерліктің қырсырын меңгерту – ел Президенті қойып отырған маңызды тапсырмалардың бірі. Осыны негізге алған институт басшылығы өз студенттерін болашақта табысты кәсіпкерлердің қатарына қосу үшін барлық жағдайды жасап келеді.

– Бизнес-мектепте студенттері кәсіпкерлерден теориялық және практикалық білім алады. Ең бас-



тысы, оқыту тегін және мектепті сәтті тәмамдаған студентке арнайы сертификат беріледі, – дейді Студенттер мен кәсіпкерлер Альянсының төрағасы Жасұлан Алпысбаев.

Жиын барысында сөз алған Қостанай облыстық кәсіпкерлер Палатасы Рудный филиалының директоры Серікбай Әбілғазиев пен кәсіпкерлікті қолдау орталығының менеджері Ольга Прядко игі бастамаға табыс тілеп, өз тарапынан студенттерге ақпараттық және консультациялық көмек көрсетуге әрдайым дайын екендіктерін жеткізді.

Кездесу соңында бизнес-мектептің бір топ тыңдаушылары көкейдегі сауалдарына жауап алып, өз ойларымен бөлісті.

Рудный қаласы.

Тобыл
Торғай
Тынысы

Жазасын өтеушілер жұмыспен қамтылды

Облыста.Түзету мекемелерінің қызметін қадағалау бойынша облыстық прокуратура атқару органдары және бизнес өкілдерімен бірлесіп атқарған жұмыстардың нәтижесінде жазасын өтеушілердің бірқатары жұмыспен қамтылды. Қазіргі уақытта түзету мекемесі аумағында 31 кәсіпкер жеке кәсіп ашуға мүмкіндік алды. Метал өңдеу және ағаш өндіру цехтары іске қосылып, 142 жазасын өтеуші жұмысқа тұрды.

Жолаушылар қауіпсіздігі

Қарабалық. Алматы -Екатеринбург халықаралық тас жолының бойында қарабалықтық жеке кәсіпкер Марат Айтқазинның бастамасымен кемпинг ашылды. Ерекше нысанның ашылуына жергілікті билік өкілдері қатысты. Кемпингте жайлы қонақ үй нөмірлері мен кеңсе және қоймалар бар. Аталмыш нысанды арнайы күзет тәулік бойы бақылауға алған. Билік өкілдерінің пайымдауынша, арнайы орын жолаушылар қауіпсіздігінің кепілі болмақ.

Бүлдіршін 6-шы қабаттан құлады

Қостанай қ. Қостанайдағы "Наурыз" шағын ауданында орналасқан көп қабатты тұрғын үйлердің бірінде 6 қабаттан құлаған 6 жасар қыз бала көз жұмды. Оқиға анасы баласын үйіне қалдырып, шығып кеткен кезде болған. Үйде жалғыз қалған бүлдіршін терезенің алдына барып, сыртқа қарап тұрғанда құлапты. Сол күні ауыр жарақатпен облыстық балалар ауруханасына түскен бүлдіршінің өмірін дәрігерлер ажалдан арашалай алмады.

Тегін оқытылады

Ұзынкөл. Бүгінде өңірдегі барлық тілдерді оқыту орталықтары мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, маңызын насихаттау және оқып-үйренуге деген ынта-ықыласты арттыру, сол секілді шет тілдерін үйрету мақсатында көптеген жұмыстар жүргізіп отырғаны белгілі. Аудандық "Тілдерді оқыту орталығы" мемлекеттік және ағылшын тіліне үйрету үшін тегін курстар жүргізеді. Тіл кабинеті компьютерлермен, әдістемелік көрнекіліктер, оқу-құралдарымен қамтылған. Курс соңында сертификат беріледі.

Ауылдықтардың игі бастамасы

Қарасу. Новопавлов ауылында хоккей алаңы ашылды. Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, жылда село тұрғындарының күшімен хоккейлік спорт жасалады. Нәтижесінде, новопавловтық спортшылар қысқы спорт түрлерінен әрдайым жоғары жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

"Қазақ тарихын зерделеген ұлы жазушы"

Қостанай қ. Дәл осындай атаумен Н.Островский атындағы кітапханада І.Есенберлиннің 100 жылдығына орайластырылған әдеби кеш ұйымдастырылды. Басқосу барысында Қостанай мемлекеттік университетінің проректоры Алмас Әбсадықов пен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты тарих факультетінің аға оқытушысы Өтеген Исенов жастарға молынан ақпарат берді. Іс-шара арнайы жабдықталған көрмені тамашалаумен жалғасын тапты.

"Киелі туған жерім – Аманкелді"

Аманкелді. Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде ауданның құрылған күніне орай "Киелі туған жерім – Аманкелді" атты салтанатты жиын ұйымдастырылды. Басқосуда аудан туралы деректі фильм көрсетіліп, оқушылардың әзірлеген концерттік бағдарламасы ұсынылды. Сондай-ақ мектепте мерекеге орай жыр мүшәйрасы, дөңгелек үстел, балалар колөнері көрмесі, жас жол инспекторларының концерттік бағдарламасы, суретшілер сайысы сынды әр түрлі іс-шаралар өтті.

Мүмкіншіліктер толық пайдаланылды

1-бет Игі істерге "ЕвразКаспиан-Сталь", "СарыарқаАвтоПром" кәсіпорындары мен үй құрылысы комбинаты мол үлес қосуы керек.

Есеп беруші орын алған кемшіліктердің де бетін ашты. Жыл қорытындысында он кәсіпорынның тиісті деңгейде жұмыс істемегені анықталды. Соның ішінде, екі диірмен өнім өндіру көлемін кемітті. Олар да, басқалар да тұрақтылықты сақтау шараларын белгілеуі тиіс.

ИНВЕСТИЦИЯНЫ тартудың ықпалы артып келді. Игі істің ауқымын кеңейту күн тәртібіне қойылды. Жалпылай алғанда, жыл бойғы инвестицияның негізгі капиталы елу жеті миллиард 247 миллион теңгені құрады. Соның он екі миллиард 701 миллион теңгесі республикалық бюджеттің, төрт миллиард 383 миллион теңгесі жергілікті бюджеттің, қырық миллиард 163 миллион теңгесі кәсіпорындардың қаражаттары.

Үдемелі индустриалық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасымен өткен жылы екі жоба, құны 5,5 миллиард теңге, жүзеге асырылды. Екі жүз елу жұмыс орны ашылды.

Атап айтқанда, мына жобалар: "Сарыарқа АвтоПром" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Автокөліктер құрастыру өндірісі) жобасының құны – бір миллиард 438 миллион теңге, жұмыс орны – бір жүз.

"Қостанай, МБИ" ЖШС жобасы (Үй құрылысы комбинатының құрылысы) жобаға төрт миллиард отыз жеті миллион теңге, жұмыс орны – бір жүз елу, жұмсалды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан телекөпір арқылы аталған жобалардың тұсауы кесілді.

ҚАЛА БЮДЖЕТІ 100,2 пайызға орындалды. Бюджет қорына 38,5 миллион теңге қосымша қаражат құйылғаны белгілі болуда.

Бюджеттің кірісін толықтыру мақсатымен коммуналдық мүліктерді пайдаланудың, жер телімдерін сату және жалға беру, сонымен қатар азаматтарға пәтерлер сатудың тиімділіктерін арттыруға байланысты жұмыстар жүргізілді. Бұл істер бойынша 1,4 миллиард теңге қаражат жиналды.

Үстіміздегі жылы бюджеттің кіріс бөліміне кемінде 21 миллиард 420 миллион теңге жиналуын қамтамасыз ету міндеттеліп отыр. Алдын ала болжам бойынша қол байлайтын қиындықтар туындамақ. Бұған экономиканың баяу дамуы, еңбекақыны төлеу, салық кірісі және басқа міндеттемелерді уақытылы үлгірту істері әсер етеді.

Сол себептен, экономикаға байланысты емес қаржы кірістеріне жол ашу керек. Әсіресе, жеке және заңды тұлғалар мүліктеріне, автокөліктер мен жерге салық салу талапқа сай болуы керек.

Бюджеттен жұмсалған ақша отыз миллиард 495 миллион теңгеге жетті. Соның ішінде республикалық бюджеттегі трансферттік және несиелік мақсаттағы қаражат жиырма екі миллион теңге, облыстық бюджеттегісі – бес миллион теңге, жергілікті бюджеттегісі – қырық төрт миллион теңге болды.

Барлық бағдарлама әкімшіліктеріне бөлінген қаражаттарды тиімділікпен жұмсап, пайдалану және уақытылы игеру, бюджет шығысының қажеттілерін екінші жартыжылдыққа ауыстыруды ойластыру жүктелді.

Маңызды бағдарламаның бірі – "Бизнесінің жол картасы–2020". Өткен жылы осы бағдарламамен жетпіс жеті жоба пайдаланылды. Оның бағасы – алты миллиард 970 миллион теңге.

Бөлшек сауда айналымының көлемі 122 миллиард теңгеге жетті. Шағын бизнес субъектілерінің өндірген өнімдері 103,2 миллиард теңгеге теңесті. Жыл бойы жаңадан ашылған үш жүзден астам кәсіпорын, екі мыңнан астам жекеменшік кәсіпкерлік тіркелді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ эконо-



миканы дамытудағы ролі зор. Салада өндірілген өнім бір миллиард 927 миллион теңге көлемінде болды. Соның 556 миллион теңгесі мал шаруашылығынан өндірілді.

Инфляцияны тежеу және негізгі тағамдық өнімдер бағасын қымбаттатпау үшін жиырма төрт жәрмеңке ұйымдастырылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бір мың үш тонна азық түлік сатты.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ көлемі 156182 шаршы метр болды. 109 мың 769 шаршы метрге кәсіпорындардың қаражаты пайдаланылды. Соңғы бес жылда тұрғын үйлерді пайдалануға беру қырық бес мың шаршы метрге өсті. Мұның жиырма төрт мың шаршы метрі мемлекеттік құрылыс.

Герцен көшесіндегі №1, №2 үйлерден, аэропорт шағын ауданындағы №1, №2, №4 үйлерден, №3 мектеп шағын ауданындағы үйлердегі А,Б блоктарындағы үйлерден жалға пәтерлер берілді. Тұрғын үй бағдарламасының жоспары төрт миллиард 770 миллион теңгеге орындалды.

Үстіміздегі жылы да бұл істер жалғасын табады. Үш үйдің құрылысы салына береді. Бес үйдің жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Бюджеттен бір миллиард 984 миллион теңге бөлінді. Үш жүз миллион теңге – қала бюджетінің қаражаты.

Биыл жаңа "Қонай" және "Юбилейный" шағын аудандары құрылысын жоспарлау қолға алынады. Бұл мақсатқа елу миллионнан теңгеден астам қаражат қарастырылуда. Қонай шағын ауданының жер көлемі – 1300 гектар.

Аталған аймақтағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізіледі. Алдымен төрт жүз гектарға тұрғын үй салынады. Қалған жерлер жекеменшік тұрғын үйлер салушыларға ұсынылады.

Қала бойынша салынған құрылыс көлемі жиырма жеті миллиард 258 миллион теңгені құрады. Елбасының халықты жаңа әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз етудің маңыздылығын айтуына бай-

ланысты жалға берілетін тұрғын үйдің құрылысына қаражатты арттыруға тура келеді.

Салынып жатқан тұрғын үйлердің инженерлік инфрақұрылымдарын жетілдіру барысында екі миллиард 124 миллион теңге игерілді. Соның 841 миллион теңгесі – "Аймақтарды дамыту" бағдарламасы шеңберіндегі қаражат.

Ағымдағы жылы белгіленген жоспарларды үлгіртуге бір миллиард 872 миллион теңге бөлініп отыр. Инфрақұрылымдық даму бағытында дербес жылу жүйесінің құрылысына назар аударылады. Сонымен қатар, "Аэропорт" шағын ауданындағы жылу жүйелерін, судың құбырларын және канализацияны салу күн тәртібіне қойылады. Бұған 775 миллион теңге жұмсалады.

ЖЫЛУМЕН, АУЫЗ СУМЕН қамтамасыз етуді жаңғыртудың қарқынын арттыру – мемлекет басшысының Жолдауындағы маңызды тапсырманың бірі. Еліміздегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының барлық жүйесі қосымша қаржыландыру есебінен жүргізілетінін ескерсек, бұл іске де жайбарақат қарауға болмайды.

ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ мемлекеттік бағдарламасымен Қостанайда он бір көп қабатты тұрғын үйге жөндеу жұмыстары 173 миллион теңге қаржымен атқарылды. Биылғы жылы алты үйді жөндеуге 114,6 миллион теңге жұмсалмақ. Есте сақтайтын мәселе, бағдарламаға қатысушылардан берілген ақшаны уақытылы қайырып алуға байланысты.

АВТОКӨЛІК инфрақұрылымы нысандарын дамытуда бір миллиард 431 миллион теңге игерілді. Баймағамбет, Чехов, Герцен көшелері қалпына келтірілді. Жол қозғалысы жүйесін қалыптастыруға да осы қаражаттан ақша жұмсалды. 201,8 миллион теңге қаражатпен Железнодорожный көшесі күрделі жөнделді.

Чехов және Герцен көшелерін жөндеу жалғасады. Чехов көшесі биыл теп-тегіс күйінде пайдалануға беріліп, жол қозғалысы жүйесін реттеу жұмысы да атқарылады.

АУЫЗ СУМЕН қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша үлкен істерді атқаруға тура келеді. Сол үшін құны үш миллиард 150 миллион теңгемен теңесетін тоғыз инвестициялық жоба игеріледі. Жылу энергия жүйесін жақсартуға бір жүз мил-

лион теңге қарастырылды.

Былтырғы жылы тұтастай алғанда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бойынша сегіз 278 миллион теңге игерілді.

Ауқымды жұмыстарды сәтімен атқару кезінде жұмыспен қамту және азаматтарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінді. "Жұмыспен қамтудың жол картасы–2020" бағдарламасымен жұмысқа орналастыру жоспары 92,2 пайызға үлгірілді. Орташа айлық еңбек ақы 92705 теңге болды. Бұл облыс бойынша көрсеткіштен 4610 теңгеге артық.

Бағдарламаны басшылыққа ала отырып, кадрларды қайта даярлау және жастар практикасы арқылы үш мыңнан астам адамға жұмыс табылды. Жұмыссыздықты азайту мақсатымен тоғыз еңбек жәрмеңкесі өткізілді. Бұған үш жүз кәсіпорын мен ұйымдар қатысып, екі жарым мың адам жұмыс таңдады.

Бүгінде қалада жеті мыңнан астам мүмкіншілігі шектеулі адам тұрады. Оңтайландыру орталығынан тұрмысы ауыр 584 адам уақытша тұрғын үйді алды.

Ұлы Жеңістің жетпіс жылдығы таяп келеді. Шындығына келгенде, соғысқа қатысушылар саны тым аздау – барлығы 135 ғана. Осындай ардагерлермен теңесушілер саны – төрт мың. Бұлардың қай-қайсысына да әлеуметтік көмек берілді.

БІЛІМ БЕРУ саласындағы отыз төрт мектепте жиырма бес мыңға жуық оқушы бар. Бірыңғай ұлттық тестілеудің қорытындысында орташа балл – 92,3 болды. Жиырма бір оқушы "Алтын белгі" аттестатын алды.

Кәсіптік-техникалық колледждің директоры К.Көнкенов оқу орнының кадрларды даярлау және қайта даярлау жолындағы жетістіктеріне тоқталды.

"БК-Строй" ЖШС директоры И.Ким кәсіпорынның тек қалада ғана емес, облыс бойынша ірі құрылыс ұжымына айналғанын тілге тиек етті.

"ЕвразКаспиан Сталь" серіктестігі Қазақстанның индустриаландыру Карта-сы шеңберінде жылына 450 мың тонна ұсақ сортты прокат өндірудегі қадамы туралы әңгімеледі.

Қала әкімі А.Ахметжанов есеп беріп болғасын сауал қоюшылар тиісінше жауап алды.

Жиынның соңында облыс әкімі Нұралы Садуақасов бір топ еңбек озатына Құрмет грамотасын табыс етті.

Сонымен қатар қалалық білім бөлімінің басшысы Василий Цымбалюк "Шанс" автокөлігінің кілтін алды. Бұл автокөлік мүгедек, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды әлеуметтік нысандарға тасымалдауға пайдаланылады.

СУРЕТТЕРДЕ: жиналысқа қатысушылар.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ӘКІМ ЕСЕП БЕРДІ: ДЕНИСОВ АУДАНЫ

Бәрі бюджетке байланысты

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Бұл жолы өңір басшысы кезекті жұмыс сапарымен Түйеойнақ жеріне барып, жергілікті халықпен жүздесті. Ол алдымен Денисов ауданының Зааятское ауылындағы жаңартылған суқұбыры жүйесімен танысты. Аталған нысан былтырғы жылдың қазан айында пайдалануға берілген-ді. Қазір ауыл халқы үйді-үйге тартылған ауыз судың қызығын көріп отыр.

— Бұған дейін бұл мәселенің жергілікті тұрғындарға қаншалықты қиынға түскенін жақсы білемін, — деді Нұралы Садуақасов. — 400 млн. теңгеге жуық қаржы жұмсалған су сору станциясы барлық талаптарға сай екеніне көзім жетіп отыр. Автоматты жүйеге де қосылыпты. Бас мердігері кім?

— Бас мердігері "АиФ" ЖШС, — деді жобаны түсіндіруші Елена Артемчук. — Негізгі тапсырыс беруші біз болсақ та, барлық жөн-жобасын үйлестірген "ПИП Костанайводпроект" ЖШС-нің ұжымы.

Бұдан кейін облыс басшысы Фрунзе селосына атбасын бұрды. Кешегі келмеске кеткен Кеңес заманынан бері аты мәшһүр ауыл әлі де сол қалпын сақтаған. Олай дейтініміз, шаруашылығы мығым. Бұған "Фрунзенское" ЖШС-нің директоры Николай Шерердің сіңірген еңбегі орасан. Ол кәсіпорынды 1982 жылдан бері басқарады. Тісқаққан басшы ауылдың құрып, тозып кетпеуін сонау нарықтық экономикаға қадам басқан кезден ойластырып, өзінің тәжірибелі жоспарын енгізе отырып, күллі ауылды қиыншылықтан сақтап қалыпты. Бұл жайында оның өзі айтып берді.

Фрунзеліктер қос шаруашылықты қатар тізгіндеген. Мұны



облыс әкімі Нұралы Садуақасов та құптай түсті.

— Қазір мемлекет аграрлы салаға көмекті аямай көрсетуде. Елбасының үкіметке тапсырған бірнеше бағдарламалары ауыл жағдайын, оның тұрғындарының хал-ахуалын қамтитынын жақсы түсінесіз. Біздегі кейбір шаруа қожалықтары Сіздің шаруашылығыңыздай әр саланы қамтып, содан жақсы сапалы өнім алып, оны үлгіртіп жатса, қандай жақсы болар еді?! Бірақ кейбірі жүрексіне ме, әлде қиындықтан қаша ма, ол жағын білмедік, әйтеуір диқаны мал өсіруге, малшысы егін еуге жоқ, — деп өңір басшысы бай тәжірибелі Николай Шерермен осындай ой бөлісті. Николай Николаевич те бұған өз пікірін айтып, көбісінің тәжірибесі аздығынан мұндай қадамдарға бармайтынын жеткізді.

Содан соң Нұралы Садуақасов іргетасы қаланғанына был-

тыр 40 жыл болған Фрунзе орта мектебіне бас сұғып, хал-ахуалымен танысып, ұжымға сый-сияпат жасады. Денешынықтыру сабағына қатысып, оқушылардың баскетбол ойынын тамашалады. Олардың аудандық, облыстық жарыстарда тамаша жетістіктерге жетіп жүргенін де естігенін әңгімелеп, оқушылардың өтініші бойынша баскетбол добына қолтаңбасын қойды. Келесі сабақ өтіп жатқан еңбек сыныбына кірген Нұралы Садуақасов шахмат фигуралары мен ағашты күйдіріп ою-өрнек салған балғындардың шебер қолынан шыққан бұйымна тәтті болып, көршілес тұрған ауылдық мәдениет үйіне табан тіреді. Бұл ғимарат сонау 1960 жылдардан бері жұмыс істеп келеді. Жергілікті көркем-нерпаздардан құрылған ұжым аудандық, облыстық бірнеше байқауларға қатысып, өнерлерімен көзге түсіп жүрген көрінеді.

Осындай алып ғимаратты көздің қарашығындай сақтап қалған серіктестік басшысына алғыс айтқан өңір басшысы мәдениет үйінің қызметкерлеріне проект сыйға тартты.

Ауылдағы осындай игі істерге көңілі толған Нұралы Садуақасов аудан орталығындағы актив мәжілісіне қатысып, аудан әкімі Ерлан Жамановтың жылдық есебін тыңдады.

Ерлан Айтқұлұлы аудан экономикасы агроөнеркәсіпке тікелей қатысты екендігін, өнім көлемі 12 млрд. теңгеден астам қаржыны құрап, ет өндірісі 6,8%, сүт 102%-ға өскендігін баяндап берді.

Әсіресе, ауылды ауыз су және көгілдір отынмен қамтамасыз етуде де түйеойнақтықтар жақсы нәтижеге қол жеткізген. Оны халықтың өздері айтты. Үйлеріне көгілдір отын құбыры жетпегендер, алдағы уақытта оны шешу жолдарын сұрап білді.

— Рас, 2014 жылы біз 1-ші кезең бойынша газбен қамту жұмысын жүргіздік. 31,5 шақырым газ құбыры тартылды, — деді Ерлан Жаманов. — Өтініш беру, келісім-шартқа отыру тәрізді жұмыстардың кешеуілдеуінен, кей тұрғындар бұған үлгере алмай қалды. Осы жылы бұл мәселені толық шешеміз бе деген ойдамыз. Себебі, оған 232 млн. теңгеге жуық қаражат бөлініп тұр. Сәтін салса, мамыр айынан бастап іске кірісеміз.

Сондай-ақ, жиында Антонов және Олчановка ауылдарын көгілдір отынмен қамту мәселесі де көтерілді. Ерлан Айтқұлұлы бұған бюджеттен 5 млн. теңгеге жуық қаржы бөлуді жоспарлағанын, бірақ әзірге бұл техникалық-экономикалық жағын шешуге жұмсалатынын жеткізгені сол еді, облыс әкімі осы сауал барлығына ұғынықты болуы үшін:

— Мұндағы гәп бюджеттің мүмкіншілігіне байланысты, — деді Нұралы Садуақасов. — Өздеріңіз жақсы білесіздер, әлемдегі қаржылық-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығынан іске асырмақшы болған бірнеше жаңа қаржылық жобаларымыз аяқсыз қалуда. Сондықтан да қазір "ананы істейміз, мынаны атқарамыз" деп кесіп айтудан аулақпыз. Облыстық бюджеттің нақты мүмкіншілігі 2 аптадан кейін белгілі болады. Сонда ғана қай жобаны іске жарататынымызды шешеміз.

Міне, осындай сауалға нақты жауап берген өңір басшысы алдағы атқарылатын жобаларға неліктен тұсау салынғанын жеткізіп, ауданның бірқатар шығынын да тізбелеп, аудан әкіміне тапсырмалар жүктеді.

Денисов ауданы.

Суретті түсірген Сергей МИРОНОВ.

Заң жан-жақты түсіндірілді

Руслан
ӘЛКЕЕВ

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" ҚР Салық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендігіне байланысты Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері қала, аудандарды аралап, оқыту семинарларын ұйымдастыруда.

Дәл осы күнге дейін бес өңірде өткізілген шара 28-қаңтар күні біздің өңірде де орайластырылды. Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен бұл маңызды семинарға Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері — Бауыржан Ерменов, Төлепберген Оразтаев, Бердіғали Әшімқановтар және аудан әкімінің орынбасары Елжан Тұрабеков, Сарыкөл ауданы бойынша Салық басқармасы-

ның басшысы Жігер Бисекеев, кәсіпкерлерді қолдау орталығының маманы Нұрлан Бекмағамбетов, сондай-ақ, қаржы саласының қызметкерлері, есепшілер мен кәсіпкерлік субъектілері және БАҚ өкілдері қатысты. Шараның мақсаты — салық төлеушілерге салық міндеттері мен салық заңын бұзуы мүмкін деген ескертпелерді сауатты түрде жеткізу болды. Осы мүддені көздеген барлық баяндамашы-

лар заңдағы бұлжымас баптар туралы толығырақ толғауға тырысты. Түрлі мысалдар келтіріліп, түрлі тақырыптар тілге тиек етілді. Мәселен, дәріс аясында заңды тұлғаларға салық салу тәртібі, әлеуметтік салық және жөкей табыс салығы, аграрлық-өнеркәсіптік кешені саласында салық салуды реформалау, жеке тұлғаларға, жеке көмекші шаруашылық және басқа да тақырыптар төңірегінде толығырақ қамтылды. Бас-аяғы үш сағатқа созылған семинарда баяндамашылардың арқасында тыңдаушылар жағы салық салу, кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде толығырақ мәліметтер ала білді. Тақырыпқа сай көкейтесті сауалдарын да қойып, тиісті жауаптарын алды.

Сарыкөл ауданы.

Кенттің дамуы тұрақты

Қашар кентінің әкімі Марат Қуанышбаев тұрғындарға есеп берді. Әкім жиналған жұртқа білім, денсаулық сақтау, спорт, халықты әлеуметтік қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылған істерді баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Кенттің әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты. Бұған жүзеге асырылып жатқан "Жұмыспен қамту жол картасы — 2020", "Бизнестің жол картасы — 2020", "Индустриалды-инновациялық даму", "Өңірлерді дамыту" секілді маңызды мемлекеттік бағдарламалар көп себін тигізуде. Жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде елді мекенде жұмыссыздық деңгейі біршама төмендеген. Яғни еңбекке жарамды халықтың 0,2 пайызын құрайды. Абаттандыру мен ТКШ саласына бөлінген 102, 4 млн теңге түгелдей игеріліп, көшелер көркейе түсті. Әкім қаңырап тұрған бос үйлерді коммуналдық меншікке өткізіп, тұрғындардың игілігіне жарату жұмыстары биыл да жалғасатынын тілге тиек етті. Кездесу соңында тұрғындар көшелерді жарықтандыру, жолдарды жөндеу, кәсіпкерлікті қолдау секілді сұрақтарға жауап алды.

Қуаныш СЕЙДОЛЛАҰЛЫ.

Рудный қаласы.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Ауыл тұрғындары белсенділік танытуда

Рәш ӘБІШЕВА

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 15 тамызында шыққан "Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы" Жарлығына сәйкес ауыл әкімдері өткен 2014 жылы атқарылған жұмыстары туралы тұрғындар алдында есеп беруде.

Бүгінгі таңда Жанкелдин ауданы бойынша 23 елді мекеннің он бесінде аудан әкімі А.Кенжеғариннің, аудан әкімінің орынбасарлары Ш.Оспанов, Т.Әубәкіровтің қатысуымен жиналыстар өткізіліп, 4 ауылдық округ пен 7 ауыл әкімінің есебі тыңдалды. Әкімдер баяндамаларында атқарылған жұмыстарының ішінде жылқы жылының жетістіктеріне аса көңіл бөліп, Елбасының "Бір мақсат, бір болашақ, бір мүдде" атты Жолдауындағы алға қойған міндеттер мен мақсаттарына тоқталып, оны іске асыру жоспарларымен бөлісті.

Ауыл әкімдерінің есеп беру жиналыстарына халық ұйымшылдықпен жиналып, белсенділік танытты. Сауалдар да көп болды. Дегенмен, ұсақ-түйек мәселелерден гөрі жиында аудан, облыс басшыларының қолдауымен шешілетін өзекті мәселелерге көңіл аударылды. Мысалы, Шеген, Қаламқарасу ауылдарының тұрғындары үкіметтің "Ақбұлақ" бағдарламасы бойынша таза ауыз су мәселесін шешіп беруді сұрады. Сонымен қатар, сапалы медициналық көмек көрсету туралы да ұсыныстар жасалды. Жалпы, аудан бойынша жиналыста жиі айтылған күрделі мәселенің бірі – ол жол мәселесі. Қыс биыл өз мезгілінен ерте түсті. Жетілеп соққан боран шалғайда жатқан ауылдар мен ауданның жол қатынасын қиындада түсті. Әсіресе, науқас адамдар мен жүкті әйелдерді дер кезінде ауруханаға жеткізу қиын болды. Осы жағдайлардың бөріне ауыл халқы аудан басшыларының назарын аударды. Бірақ, абырой болғанда қыстың сақылдаған сары аязы мен ақтүтек борандарында аудан көлемінде төтенше жағдайлар орын алған жоқ.

Ал Албарбөгет ауылдық округінің әкімі О.Біржікеновтің есеп беру жиналысына қатысқандар әлеуметтік нысандардың қысқа дайындығы мен олардың қажетті отынмен қамтамасыз етілуіне ризашылықтарын білдірді. Өйткені соңғы бес жылдың ішінде Албарбөгет орта мектебінің жылу жүйесінің тозығы жетіп, соның салдарынан оқушылар салқын кабинеттерде сабақ оқуға мәжбүр болатын. 2013 жылдың қорытындысы бойынша, осыдан тура бір жыл бұрын, округтің әкімі О.Біржікеновтің есеп беру жиналысына Жанкелдин ауданының әкімі А.Кенжеғарин қатысқан еді. Сонда Ф.Абайділдин бастаған ардагерлер ұйымы мектептің жылу жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін аудан әкімінен қаражат бөліп, осы мәселені шешіп беруін сұраған болатын.

— Міне бүгін ауыл ақсақалдарының, ата-аналардың, мектеп ұжымының тілегі орындалды. Балаларымыз жылы мектепте білім алуда. Өткен жазда мектептің жөндеу жұмыстарына арнайы қаражат бөліп, жаңа жылыту қазандығын орнатып бергені үшін ауыл тұрғындарының атынан аудан әкімі А.Кенжеғаринге алғысымызды білдіреміз, — деді Ғарифолла ақсақал жиналыста сөйлеген сөзінде.

Осылайша халық алдында есеп берген 11 ауыл әкімінің жұмысына оң баға беріліп, аудан әкімі де ауыл тұрғындарының еңбегіне табыс тіледі.

● ӘКІМ ЕСЕП БЕРДІ: ТАРАН АУДАНЫ

АУЫЛДЫ ДАМУ – алғы кезекте

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Сейсенбі күні "Ұшқын" мәдениет үйінде Таран ауданының әкімі Бақберген Өтеулин халыққа есеп беру кездесуін өткізді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы сараланған келелі жиынға жергілікті жақсы-жайсаңмен қатар Қостанай облысы әкімінің бірінші орынбасары Евгений Аман, облыстық басқарма мен аумақтық департамент басшылары түгелдей қатысты.

Есептік жиында баяндама жасаған Бақберген Қасымұлы білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік салаларында атқарылған істерді жіліктеп, абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жұмыспен қамту шараларына жеке-дара тоқталды.

Әкім сөзіне сүйенсек, бүгінде өнеркәсіп өнімін шығарумен ауданда 6 кәсіпорын айналысады. Өткен жылы олар 27,4 млрд. теңгенің тауарын өндіріп, жергілікті бюджет құрылымындағы үлесін 40 пайызға жеткізген. Бұл көрсеткіш 2013 жылғымен салыстырғанда 5 пайызға төмен. Ауданның ірі кәсіпорны "Варваринское" АҚ мыс-алтын концентраты бағасының құлдырауына байланысты өндіріс көлемін 6 пайызға кемітсе, жарма, ұн, нан, нан-тоқаш және шұжық өнімдерінің өндірісінде өсім байқалады.

Былыр мал шаруашылығын әрі қарай дамытуға, көкөніс, бақша және азық-түлік өнімдерін арттыруға бағытталған жалпы құны 585 млн. теңгені құрайтын 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде "Викторовское", "Ленинское", "Адлет Т" ЖШС-тері мен "Туған жер", "Қалиев А.У.", "Цой Виктор", "Вернигоров", "VIVA" шаруа қожалықтарында 92 адам жұмыспен қамтылды. Бұдан бөлек Индустрияландыру картасына сәйкес "Global Beef KZ" ЖШС асыл тұқымды қара мал өсіру бойынша құны 4 050 млн. теңгеге бағаланған жобаны қолға алып отыр. Тарандықтар "Сыбаға" мемлекеттік бағдарламасы арқылы да 281 ірі қара мал сатып алып, кәсібінің нәсібін көруде.

Аудан басшысының ерекше тоқталған мәселелерінің бірі – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы болды. Былыр Тобыл кентінде ТКШ-ны жаңғырту бағдарламасы аясында 2 тұрғын үй ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Келер жылға 28,3 млн. теңгеге тағы да 2 тұрғын үйді жаңғыртудың жобалау-сметалық құжаттары әзір. Жауыр болған жол мәселесі де бүгін-ертең шешілер шаруаға ұқсамайды. Олай дейтіміз, аудандағы автомобиль жолдарының 34 пайызы ғана қана-



ғаттандырылдық жағдайда. Ал, жыл сайын осы бағытқа бөлінетін 50-60 млн. теңге шұңқыр-тесіктерді жамауға ғана жететіні белгілі. "Өңірлерді дамыту" бағдарламасы аясында бөлінген 25,3 млн. теңгенің тең жартысы 3 балалар алаңын салу мен көшелерді абаттандыруға жұмсалса, қалған қаражат қоқыс үйінділерін жою мен жол жөндеуге бағытталған.

Аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі де – әкімдіктің жіті назарында. Биыл Таран ауылы мен Тобыл кентінде су құбыры желісін қайта жандандыру жұмыстары өз жалғасын таппақ. Әкімнің мәлімдеуінше, бүгінде 8 елді мекенге табиғи газ келіп тұр. Инвесторлармен уағдаластыққа қол жеткізіліп жатса, келешекте көгілдір отынның игілігін түгелдей аудан халқы көретін болады. Осы орайда, жекелеген ауылдарда газдың бағасы әдеттегіден 3-4 теңгеге қымбат түсуі мүмкіндігін айта кеткен жөн.

Елбасымыз еңбек нарығының тиімділігін арттыру мақсатында аз қамтылғандар мен жұмыссыздарды қолдаудың тиімді тетіктерін атап көрсеткен болатын. Соның ішінде "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасының шоқтығы биік. Мемлекеттік бағдарламаның бірінші бағыты аясында республикалық бюджеттен түскен трансферттер есебінен 131 млн. 438 мың теңгеге Тобыл кәсіби-техникалық колледжінің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Жөндеу жұмыстарына "Жұмыспен қамту орталығының" жолдамасы бойынша 28 жұмыссыз азамат тартылды. Бұдан басқа әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарын мүгедектерге бейімдеу мақсатында төрт мекемеде пандус орнатылды. Бағдарламаның "Кәсіпкерлікті дамыту мен тірек ауылдарды дамыту арқылы жұмыс орындарын құру" атты екінші бағыты бойынша жалпы сомасы 87,1 млн. теңгеге 40 адамға шағын несие берілді. Үшінші "Жұмыс берушінің қажеттілігі аясында оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналастыруға көмектесу" бағыты бойынша әлеуметтік жұмыс орнына 24 адам, жастар практикасына 28 адам, қайта даярлауға 10

адам, біліктілігін арттыруға 3 адам, кәсіби оқуға 7 адам жіберілді. Қабылданған шаралар арқасында, тіркелген жұмыссыздық саны 0,2% дейін азайды, жұмысқа орналастырылғандар үлесі 96% құрап, 575 жұмыс орны құрылды. Аудан бойынша орташа айлық еңбекақы өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 9,7 пайызға артып, 97 635 теңгеге жетті. Бұл облыстық көрсеткіштен 10,8 пайызға артық.

Бақберген Өтеулин ел Президентінің "Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауындағы тапсырмаларға сәйкес биыл да аудан жұртшылығын ауқымды жұмыстар күтіп тұрғандығын айтып, баяндамасын қорытындылады. Әкімнен кейін жарыссөзге шыққан бір топ кәсіпкерлер мен қарапайым тұрғындар өз ұсыныстар мен тілектерін жайып салды. Мәселен "Майлин" ЖШС директоры Владимир Бушкин жем-шөпті субсидиялау, бруцеллезбен күрес, сүт өткізу мәселелеріне тоқталса, жергілікті жұрт "Север птица" құс фабрикасының жандандыру, Әйет өзеніне тоған (дамба) салу, Тобыл кентіндегі балабақша мәселесі толғандыратындығын жеткізді. Бақберген Қасымұлы қойылған әрбір сауалға тұшымды жауап беріп жатты. Оның айтуынша, Май ауылында орналасқан құс фабрикасын сақтап қалу үшін 1,5 млрд. теңгедей қаражат қажет. Сондықтан түгелдей инфрақұрылымы бар, логистика жағынан инвестициялық тиімді кәсіпорынға жаңа құрылтайшы іздеу жұмыстары жүргізілуде. Тоған құрылысы үстіміздегі жылда жоспарланып отырса, Тобыл кентінде жаңа балабақша салу үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік қағидасы қарастырылатынын айтты. Аудан әкімінің сөзін толықтырып, атқарылған жұмыстарға көңілі толған Евгений Аман әлемде орын алған экономикалық ахуалға байланысты республикалық бюджеттің кейбір тұстары қысқарғанымен, ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыру тоқтамайтынын атап өтті. Жиын соңында ауданның бір топ азаматы Евгений Аманның қолынан Қостанай облысы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Ауыз су қолжетімді болмақ

Руслан ӘЛКЕЕВ

Осыдан үш жыл бұрын Соңалыда жалғыз ауыз су нысаны пайда болып, тұрғындар су таситын машинаға су күйдыртудан арылған еді. Уақыт өте келе, ауылдағы ағайын ауыз су көшелерге тартылып, үйлерге өткізілсе

ғой деген армандарын жүзеге асыруды жөн көрді.

Сөйтіп, ауылдың ақылгөй ақсақалдары ақылдаса келіп, ауыз су мәселесін түбегейлі шешу үшін әр отбасыдан 75-100 мың теңге аралығында қаражат жинауды ұйғарыпты. Жұдырықтай жұмылған соңалылықтар бұл іске бел шеше кірісіп те кеткен. Бүгінде 35 үй өздеріне жүктелген жауапкершілікті сезініп, қажетті қаражаттың бір бөлігін жинап та қойған.

— "Ұлан" МКМ басшысының айтуынша, ауылға екі су сорғысы мен мен колонкалар орнату үшін 8 млн. теңге қаражат қажет. Сол үшін соңалылықтар қолдарынан келгенше өздеріне жүктелген қаражатты жинап беруде. Алдымен ақша мәселесі шешілсе, ауыз су да шешіледі. Сондай-ақ, биыл Төгілде де ауыз су қолжетімді болмақ. Желтоқсан айында жобалық-сметалық құжаттарды дайындап, Қостанайға комиссияға жолдадық. Енді ақпан айында дайын болып қала-

ды. Айтпақшы, дәл осы іске қажетті 1 млн. 200 мың теңге қаражатты халықтың қамын ойлаған кәсіпкер Б.Сатаевтың өзі көтерді. Негізінде, Төгілге су өткізу 2016 жылға жөпарланған, бірақ біз мұны осы жылы жүзеге асырғанды жөн көрдік. Өйткені, биыл ауылымыздың құрылғанына – 60 жыл. Халқымыз қос қуанышты қатар тойласа екен деген ойымыз бар, — дейді Төгіл ауылдық округінің әкімі Сағынбай Сүндеталин. Сарыкөл ауданы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӨКТЕП



Интернет арқылы сот құжаттарымен таныса алады



Қазақстан судьяларының VI съезінде Президент Н.Назарбаев әділ сот төрелігінің халықтың барлығы үшін қолжетімді болуын қамтамасыз етуді, бұл істе электронды ресурстарды кеңінен пайдалануды тапсырған болатын. Осы орайда Қостанай облыстық сотында интернет-ресурс арқылы азаматтар мен ұйымдардың сот органдарымен электронды түрде өзара әрекеттесуінің жаңа жобалары қолданыста екенін атап өткен жөн.

— Іске асырылған бұл жобалар азаматтардың сот ақпаратына қолжетімділігін арттырады, — деді облыстық соттың баспасөз хатшысы Ләззат Байғожина. — Осы ақпараттық сервистердің арқасында азаматтар өз үйлерінен шықпай-ақ, интернет арқылы сот құжаттарымен таныса алады.

Ләззат Байғожинаның айтуынша, жаңа электрондық жобалар азаматтардың пошталық қызметтерге жұмсалатын қаржылық және уақыт шығынын үнемдеуге мүмкіндік береді. Статистикалық деректерге жүгінсек, облыстық сотта 2014 жылы "Сот кабинеті" және электронды үкімет порталы

арқылы 12 мыңнан астам хат-хабар келіп түскен.

— "Сот құжаттарымен танысу" сервисі логин, пароль, ЖСН-ды енгізу арқылы электронды сот құжаттарын көруге мүмкіндік береді. "Сот кабинеті" қызметін қолдану үшін азамат халыққа қызмет көрсету орталықтарынан электронды қолтаңба алады. Сол қолтаңба көмегімен "сот кабинеті" сервисі арқылы өтінішін жолданған соң, азаматтар оның тіркелгені туралы талон мен электронды хабарламалар туралы келісімге ие болады", — дейді облыстық соттың баспасөз хатшысы.

Ал сот процесіне қатысушы

тарاپтарға сот отырысы туралы да сот тыңдалымы туралы талон жолданады". Іс қаралып болған соң сот процесіне қатысушыларға судьяның элек-тронды-сандық қолтаңбасы қойылған, сот актілерінің шыққаны туралы SMS жіберіледі. Айтқандай, сервистегі элек-тронды сот құжаттарын тек оқып қана қоймай, жүктеп алуға да болады.

"Сот кабинеті" сервисі сот өндірісін жеңілдетуге, сондай-ақ сот жүйесінің жеделдігін, қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл "кабинетте" өтініш, арыз, шағым және электрондық түрдегі өтінімдерді өзірлеуге және беруге, сондай-ақ мемлекеттік алымдарды онлайн түрінде төлеуге жол ашылған. Тараптар өздеріне ыңғайлы кез келген уақытта сот құжатын қарап, істің тарихымен танысып, сот актісін басып шығара алады.

"Сотта іс қарау хаттамасының толымдылығын және сапасын қамтамасыз ететін тетік ретінде сот процестерін электронды фиксациялауды жаппай өндірген жөн" деп тапсырған болатын Елбасы судьялар съезінде.

— Сот отырысы хаттамасының сапасын арттыру мақсатында барлық соттарда сот процесін аудио, бейне тіркеу (АБТ) жүйесі енгізілуде. Заманауи технологиялар негізінде сот процестерін электрондық хаттамаға түсіруге мүмкіндік беретін бұл жүйеге сот процесіне қатысушылар "Сот кабинеті" арқылы шыға алады, — дейді Ләззат Байғожина.

Жазасын өтеушіге мүмкіндік көп

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "УК-161/11 қоныс колониясы" енді қауіпсіздігі барынша төмен, яғни мінездемесі оң сотталғандардың жазасын өтеуге барлық жағдайлар жасалған облыстағы түзеу мекемелерінің бірі. Мекемеде 4000-ға жуық дана қоры бар кітапхана, клуб, медицина бөлімшесі, асхана, монша-кір жуу кешені, дүкен жұмыс істейді.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексіне енген өзгертулер мен толықтыруларға байланысты мекемеде жазасын өтеушілердің мінез-құлқын айқындайтын комиссия құрылды. Сонымен қатар, аталған комиссия мүшелері жазасын өтеушілерді толғандырып жүрген мәселелерге түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Атап айтқанда, өзін тек оң қырынан көрсеткен сотталғандар жеңілдетілген және дағдылы тәртіптегі режимге ауыстырылады. Ал түзету мекемесінде қасақана құқық бұзушылық жасағандар үшін қатаң тәртіп қолданылады. Алғаш рет ҚР Қылмыстық-атқару кодексіне "сотталғандардың мінез-құлқын бағалау" деген түсінік енгізіліп отыр. Осындай мінез-құлқын бағалау жазаны жеңілдетуге бағытталған. Оң мінезімен көрінген сотталғандарға мінез-құлықтың 3 дәрежесі қарастырылған. Ал теріс мінезді жазасын өтеушілер де 3 дәрежелі мінез-құлыққа бөлінеді. Осы негіздер бойынша сотталушының шынайы мінез-құлқы анықталып, оған тағайындалған жазаның түрін өзгертуге, жеңілдетуге, керісінше, қатайтуға мүмкіндіктер қарастырылған. Былайша айтқанда, ендігі жерде сотталушы осы өлшемдерге берілетін баға арқылы өз тағдырын өзі ғана өзгерте алады.

Заңнамадағы барлық өзгертулер сотталушының құқыққа бағынушылық мінез-құлқын ынталандыруы керек. Мысалы: қоныс колониясына жаңадан келген жазасын өтеуші қалыптасқан жағдайда болады. Оның мінезіне, еңбекке, оқуға жауапкершілікпен қарауы, тәрбиелік және мәдени-қоғамдық іс-шараларға қатысуы, мемлекетке және қоғамға келтірген залалын өтеуіне қарай сотталғандар мекеме комиссиясы шешімімен жеңілдетілген жағдайға ауыстырылады.

Түзеу мекемелерінің осы күнге дейін аталып келген атауларының да өзгеріске ұшырағанын айта кеткен ләзім. Қоныс колониясы, тергеу абақтысы, тәрбие мекемесі, жалпы, қатаң, айрықша тәртіптегі түзеу мекемелері және түрме деген ресми атаулар жаңа Қылмыстық атқару кодексіне ондағы қауіпсіздік деңгейіне сәйкес төменгі, аралас, орташа, төтенше және толық мекемелер деген атаулармен енгізілген. Мәселен, қауіпсіздігі төменгі мекемелердегі (қоныс колониясы) жазаны өтеу тәртібі қарапайым, жеңілдетілген, қатаң жағдайдағы деген тәртізді бұрындары қарастырылмаған түрлерге, ал қауіпсіздігі төтенше (ерекше режим) мекемелеріндегі ахуал ондағы сотталушының мінез-құлқының түзелуіне қарай жеңілдетілген деп бөлінген.

Алмат ИТЕСОВ,
ҚР ІІМ ҚАЖК "УК-161/11 мекемесі" РММ бастығының
ТЖ жөніндегі орынбасары.

● СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ

Қандай шара қолдануға болады?

— Мен тұратын көпқабатты үйде көрші пәтерден түнімен музыка, әр түрлі қатты дыбыстар шығарып, бізге тыныштық бермейді. Оларға бірнеше рет барып, ескерттік те, түсіндірдік. Бірақ сөз тыңдайтын түрлері жоқ. Оларға қандай шара қолдануға болады?

Сымбат РАҚЫМЖАНОВА.

Қостанай қаласы.

Жауап:

— Түн ішінде мұндай қатты музыка қою, тыныштықты бұзу құқықбұзушылық болып есептеледі. "Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 333-бабына сәйкес жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, түнгі уақытта (сағат түнгі 23.00-ден 6.00-ге дейін) тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын үйлерде және олардың сыртында шұғыл қажеттілікпен байланыссыз шу шығаратын жұмыстарды жүргізу — ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға — 2, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын неме-

се орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға — 10, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға — 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде айыппұл салынады.

Сондай-ақ, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанатын болса, жеке тұлғаларға — 5, лауазымды адамдарға, жеке кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға — 20, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға — 80 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

"Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 543-бабы бойынша 333-бабында көзделген әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді ішкі істер органдары қарайды. Яғни, құқықбұзушыларға шара көру үшін сіздер тәртіп сақшыларына жүгінуіңіз қажет.

Жаңа заңнама қалай жүзеге асуда?

Жыл басынан бері еліміздің барлық құқық қорғау органдары толықтырулар мен өзгертулерге ұшыраған ҚР Қылмыстық Кодексі және ҚР Қылмыстық іс жүргізу Кодексі бойынша жаңа талаптарды жүзеге асыра бастады. Жаңа заңның жаңалығы аталған кодекске қылмыстық теріс қылық терминінің енгізілуі. Егер де айыпталушы кісі денсаулығына айтарлықтай ауыр зардап келтірмесе, сондай-ақ, бірінші рет қылмыс жасаса, жәбірленушімен медиация жолымен өзара бітімге келсе, келтірілген шығынды өтеген жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босатылады. Сонымен қоса, жаңа Қылмыстық Кодексте кісі өліміне әкеліп соқпаған ауырлығы төмен немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кәмелет жасқа толмағандарға бас бостандығынан айыру жазасы кесілмейді. Ал, өз бетінше кірісі бар кәмелет жасқа толғандар түзету жұмыстарына тартылады. Айыппұлдар салу, түзету және қоғамдық жұмыстарды кеңінен қолдану шаралары алдағы уақытта түзету мекемелерінде

жазасын өтеушілер санын азайтатын болады. Ұйымдасқан және арнайы қылмыстық күресті күшейту бағытында ақпараттық технологиялар және медицина саласы бойынша қосымша нормалар енгізілді.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің тағы бір жаңалығы — ішкі істер органдарына келіп түскен қылмыс туралы арыз-шағымдар мен өзге де хабарламалардың барлығы кезекші бөлімдердің құжаттарды тіркеу кітабына тіркелетін болады. Содан нақты қылмыс белгілері бар арыз-шағымдар электронды форматтағы сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіміне енгізіледі. Бұл дегеніміз — аталған арыз-шағым бойынша сол мезет-


тен бастап қылмыстық іс қозғалып, оған тіркеу нөмірі берілді деген сөз. Жаңа Қылмыстық-процестік кодекстің талабына сәйкес, қылмыстық қудалау органы қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығармай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізеді. Заңнамаға енген өзгерістерге сәйкес қылмыстық қудалау органдарына шағым түскен сәттен бастап бір тәулік ішінде қылмыс құрамының бар-жоғы анықталады және барлық дәлелдер дереу тексеріледі. Осыған байланысты, 2015 жылдың 19-қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне көшуіне орай ҚР Бас прокуратурасының өкілдері еліміздің барлық облыстарында қадағалау жұмыстарын жүргізуді бастады.

Қостанай облысы прокуратурасының баспасөз қызметі.



Бетті дайындаған Шұға ҚОҢҚАБАЙ
shuga_ansagan@mail.ru

● ОЙ ТОЛҒАМ

БАЛА ТӘРБИЕСІ
МЕКТЕПТЕН ДЕСЕК ТЕ...

"Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады. Адам баласын бауырым деу жүректің ісі"

Абай ҚҰНАНБАЕВ.



Кешегі Кеңес үкіметі тұсында "бала тәрбиесі мектептен басталады" дегенге оң көзқараспен, шынайы наным-сеніммен қарайтынбыз. Ол кезде мұғалімдердің айтқан ақыл-кеңестері мен ілім-білімін санамызға тоқып, уақытылы сабағымызды оқып, тәртіпті болуға тырысатынбыз. Мұғалімдерге қарсы сөз айтпақ түгілі, көлбең-деген көлеңкесін көргенде тығыларға тесік таппай сасқалақтайтынбыз. Мектеп қабырғасында жүргенімізде ақылгөй, данышпан болдық деп айтудан, әрине, аулақпыз. Балалықпен жасаған шалалығымыздың болғаны да рас. Қанша жерден бұзықтық жасап, тәртіпсіз болсақ та үлкендердің айтқанын бұлжытпай орындайтынбыз. Қысқасы, қазіргі жастардың тілімен айтқанда "ақылды бұзық" болдық. Сол уақытта жоғарғы сынып оқушылары бүгінгідей қоқандап, әлімжеттік көрсетпейтін. Керсінше, сабырлы салмақпен жақсы қасиеттерді үйретіп, тәрбиелі болуға бейімдеп, ақыл айтып, үлкен азамат болуымызға септіктерін тигізетін. Тасқын судың екпініндей арнадан асып, бағынбай бара жатсақ жанымызға батырмай нұқып алатын. Өз қателігімізді білгендіктен тіл қатпай үнсіз жүретінбіз. Сабақ оқымай,

мұғалімдердің айтқанын тыңдамай тәртіп бұзсақ, ол кісілер шапалақпен тартып жібергенде ашуланып, өз қателігімізді білмей ата-анамызға айтып барғанда, қайта өзімізге ұрысып, мұғалімнің алдына әкеліп, енді "тәртіпсіз болса мектептен шығарып жіберіңдер" деп дүрсе қойғанда, екі оттың ортасында қалғандай күй кешетінбіз.

Негізі баланың жақсысы – әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, "азап-соры" деген жастарды тәрбиелеу ісінде табысқа жету үшін әрбір ата-ананың өзі де тәрбиелі болу керек. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында. Ең алдымен ата-ананың рөлі, онан кейін ұлағат сыйлаған ұстаз.

Сөз жоқ, бала үшін адамгершілік талғамдар мен әдет-дағдылар, яғни жеке бастың қалыптасуының барлық әлеуметтік-психологиялық негіздері отбасында қалыптасады. Демек, отбасылық тәрбиелеу шарттарын, мүмкіндіктерін зерттемей тәрбие үрдісінде оң нәтижелерге жету мүмкін емес. Кей ата-аналардың бала

тәрбиесі жайлы көзқарастарында елеулі кемшіліктердің барлығын байқауға болады. "Міндетім киім мен тамақ табу ғана" деген оймен мектепке орынсыз талаптар қояды. Өзінің жауапкершілігін сезе білмейді, баласын тәрбиелеуден қол үзеді. Оның зардабы баланың сабақ үлгеріміне, мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады. Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ. Баланың бүгінгі іс-әрекетіне, тәртібіне бүгін назар салмасақ, ертең кеш болады. Олай болса, бір сәт уақыт бөліп, мектеппен хабарласу ата-ананың бірден-бір міндеті.

Қазіргі заманда ұлттық мектептің іргетасы қалана бастаған кезде ата-аналар да мектеппен байланысын нығайта түсуі абзал. Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру мәселесі әріптестік педагогиканы талап етеді. Ынтымақ бар жерде тәрбие де бар. Ынтымақ бар жерде береке, бірлік те бар. Қоғамдық тәрбие жанұядан басталады. Отан жанұядан құралмақ, қазіргі заманда нарық жағдайында ата-аналардың, жалпы қоғам қауымдастығының көбісі жұмыстан бос және бос уақыты да баршылық. Ендеше сол бойындағы

білімін, ілімін, күш-жігерін неге игі іске жұмсамасақ? Ел болашағы бүгінгі мектеп оқушылары. Ал, сол оқушылар рухани байлықпен қалыптасады. Қандай бағытпен жүреді, қандай ізгі істер жасайды, қандай қоғам келешекті қалыптастырады? Ол жалғыз мектептің мәселесі болмауы керек. "Бала тәрбиесі мектептен басталады" деп ата-аналар бар жауапкершілікті ұстаздар қауымына артып, өздері сүттен ақ, судан таза болып, ауыртпалықты арқаламайтындары да жиі кездесіп жатады. Міне, осының салдарынан мектеп оқушылары әртүрлі құқық бұзушылықтарға бой алдырады. Мұғалімдердің тілін алмақ түгілі олардың сөздерін құлақтарына да ілмейді. Керсінше, бесіктен белдері шықпай жатып оларға өздері ақыл айтып, заң соққанда жағанды ұстаудан басқа амалың қалмас. "Балаларың тіл алмайды, бұзақылық жасайды" деп ұстаздары ата-аналарға шағымдана, "сендердің беріп жатқан тәрбиелерің солай болса, біздің қолдан не келеді" деп өздеріне кінә арта салады. Бұл дегеніміз ата-аналардың балаларын мұғалімдерге қарсы қоюдың алғы шарты. Шынайы шындық қай кезде де түптің түбінде ашылары сөсіз.

Санамызды үндінің сериалдары улап, сиқымыздың сынын бұзып, өрімдей балаларымыз ішкі ағзаларын түтінге тұншықтырып, есірткіге бой алдырса, онда біздің қай оңғанымыз? Сәби кезінен қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтытпай мәпелеп, тәрбиелеп өсірген перзенттеріне сөзі өтпеген ата-ана кімге үлгі бола алады, айтыңыздаршы?! "Беймезгіл уақытта балаларына көшеде жүрмеңдер" деп тыйым салуға болмас па еді...

Қазақ халқы әуелден-ақ бала тәрбиесіне айрықша мән беріп, оны ата-ананың, қоғамның борышы санаған. Өйткені, бала – болашақ иесі. Сол себепті келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік әрдайым қатал сын саналған. Баланы өсіру, оны азамат етіп тәрбиелеу – елдік мәселе. Оның алдан күткен бағыты, үміті күмәнді болса, не болмақ?

Біздің келешегіміз жас ұрпақ деп жария салып жатқанда олардың ісі мынау. Бұл мектеп қабырғасында оқып жүріп жасаған кемшіліктері. Ал, ертең жоғарғы оқу орындарына түсіп студент атанғанда көмескі жолдан тайып, бұлыңғыр өмірдің буына тұншықпасына кім кепіл? Ойланайық, ағайын!

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.

Жанкелдин ауданы.

● МӘСЕЛЕ

Халың қалай,
ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ?

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

Сананы сан құбылтқан осы сауалға жауап іздеп, ауданымызда тілімізді төрге шығарып тұрған Сарыкөл орта мектебіне бас сұққан едік...

2007 жылы (бұрынғы №2 Урицк орта мектебінің орнына) ашылған мектепті бүгінде жиырма жылға жуық тәжірибесі бар Ерлан Смановтай азамат басқарып келеді. Мұнда 27 мұғалім қызмет істесе, 170 оқушы білім нәрімен сусындауда. Шәкірттерге ұстаздарымыз сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар ең алдымен мемлекеттік тіліміздің мәртебесін мейлінше меңгертіп, білім алуға талпынған оқушыларға бар білгендерін үйретуден жалыққан емес.

Сарыкөл орта мектебі жыл сайын ҰБТ-дан жақсы көрсеткіш көрсетіп те жүр. Дәл қазір, бақылау сынақтарының нәтижелері

бойынша, 16 орта мектептің ішінде 6-орында. Яғни, бар мәселе, білім сапасында емес, өзі



сұранып тұрған өзекті жәйт – кейбір пән кабинеттерінің жеткі-



ліксіздігінде. Турасын айтқанда, бұрынғы мәжіліс залының орнын басқан спорт залының талапқа сай еместігі. Тағы бір кемшілігі оның екінші қабатта орналасқаны. Бір амалын тауып, дене шынықтыру пәндерін өткізіп жүрген мұғалімдердің дегеніне бағынған оқушылар жазда далада доп құса, қыста әлгі тар бөлмеге қамалуға мәжбүр. Сондай-ақ, көпшілік рухани азық алуға келіп жүрген кітапхана да тар. Бұл аздай, психолог, АӘД, шеберхана кабинеттері мүлдем жоқ. Аталмыш пәндер бойынша тәжірибе жүзінде жан-жақты үйрететін та-

лапқа сай кабинеттердің жоқтығы бәрін білсем деген оқушылар үшін қол байлау болып тұр. Мектепте барлығы – 11-ақ кабинет болғандықтан, оқушылар екі ауысыммен оқиды.

Жас ұрпақ үшін, олардың болашағы үшін спорт залының, еңбекке баулитын арнайы құрал-жабдықпен қамтылған сыныптың заманауи үлгіде болуы, пәндерді талапқа сай өткізу осылардың бәрі – өте маңызды.

– Сарыкөлде жаңа қазақ мектебі салынады деген әңгіме 2013 жылы қозғалған болатын. Аудан бюджетінен қаржы бөлінетін бо-

лып, қажетті құжаттар дайындалып, аудандық мәслихат шешім шығарған еді. Бірақ, оны облыстық мәслихат бекітеді деген. Дәл сол жылы облыста 4 мектеп салынады деп жоспарланған. Бірақ, соның екеуі ғана өтті. Содан біздегі мектептің құрылысы 2014 жылға қалдырылды. Сөйтіп, бұл жыл да еш өзгерусіз өтті. Жақында осы мәселе туралы облыстық телеарнада білім басқармасының бастығы аймақ басшысына Сарыкөлде 2015 жылы қазақ мектебі салынады деп айтқанын құлағым шалып қалды. Сондықтан, енді биылғы жылдан үмітіміз зор, – дейді мектеп директоры Е.Сманов.

Тағы бір айта кетерлік жәйт, қазіргі қазақ мектебі деп аталатын ғимараттың салынғанына 55 жылдың жүзі болыпты. Сонда осы нысан апатты деп танылмағанымен, ескі екендігі айдан-анық. Тек, ағымдағы жөндеулер жұмыстардың нәтижесінде сырты мен ішкі көрінісі көмескіленіп көрінбей тұрғандай. Қайткен күнде де Сарыкөлге заманауи талаптарға сай жаңа қазақ мектебі ауадай қажет-ақ. Осы өзекті мәселе уақыт өлтірмей өз шешімін тапса, нұр үстіне нұр болар еді...

Сарыкөл ауданы.

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 12 қаулысы

"Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік меке-

месі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н. Садуақасов.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5337 болып тіркелген.

Әкімдіктің
2015 жылғы 19 қаңтардағы
№ 12 қаулысымен бекітілген

"Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

"Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі басшы бекіткен жұмыс регламентіне сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің жердің

пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Амангелді көшесі, 93А.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер өкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау бас-

қармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу болады.

15. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері: жердің ұтымды және тиімді пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер учаскелерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;

2) жер учаскелерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуге;

3) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуына;

4) азаматтардың өздеріне жер учаскелерін беру туралы өтініштерін (өтінішхаттарын) қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуына;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) кінәлілерді жауапқа тарту мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының жер заңдарының бұзылуы туралы материалдарды тиісті органдарға жіберу;

2) Қазақстан Республикасы жер заңдарының бұзылуы туралы хаттамалар (актілер) жасау;

3) Қазақстан Республикасының жер заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік жазалау туралы қаулылар шығару;

4) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерді қорғау, Қазақстан Республикасы жер заңдарының бұзылуын жою мәселелері бойынша орындалуға міндетті нұсқамалар беру;

5) Қазақстан Республикасының жер заңдарын бұзушыларға уақтылы шаралар қолдану;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын "Қостанай облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің

пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлері міндеттерінің шеңберін белгілейді;

2) "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мамандары мен техникалық қызметкерлерін тағайындайды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапты болады;

4) өз құзыреті шегінде "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда, ұйымдарда "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін білдіреді;

6) "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

7) өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлкі және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкі өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Постановление акимата Костанайской области от 19 января 2015 года № 12

Об утверждении Положения о государственном учреждении "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области"

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемое Положение о государственном учреждении "Управление по контролю за использованием и охраной земель

акимата Костанайской области".

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области Н. Садуакасов.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 27 января 2015 года под № 5337.

Утверждено
постановлением акимата
от 19 января 2015 года № 12

ПОЛОЖЕНИЕ о государственном учреждении "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области"

1. Общие положения

1. Государственное учреждение "Управ-

ление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере государственного контроля за использованием и охраной земель.

2. Государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" не имеет ведомств.

3. Государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

4. Государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печать и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

Режим работы государственного учреждения "Управление по контролю за использова-

нием и охраной земель акимата Костанайской области" устанавливается в соответствии с регламентом работы, утвержденным руководителем, и не должен противоречить действующему законодательству Республики Казахстан.

5. Государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

6. Государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

7. Государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя государственного учреждения "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

8. Структура и лимит штатной численности государственного учреждения "Управле-

ние по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" утверждаются в соответствии с действующим законодательством.

9. Местонахождение государственного учреждения "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области": 110000, Республика Казахстан, Костанайская область, город Костанай, улица Амангельды, 93А.

10. Полное наименование государственного органа - государственное учреждение "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области".

11. Настоящее Положение является учредительным документом государственного учреждения "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области".

12. Финансирование деятельности государственного учреждения "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" осуществляется из областного бюджета.

13. Государственному учреждению "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями государственного учреждения "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области".

Если государственному учреждению "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета.

2. Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности государственного органа

14. Миссия государственного учреждения "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской области" заключается в содействии развитию и совершенствованию государственной политики в сфере государственного контроля за использованием и охраной земель.

15. Задачи государственного учреждения "Управление по контролю за использованием и охраной земель акимата Костанайской

области":

осуществление мер, направленных на обеспечение контроля за соблюдением рационального и эффективного использования земель;

иные задачи, предусмотренные земельным законодательством Республики Казахстан.

